«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

# БҰЙРЫҚ

# ПРИКАЗ

2026ж. 16 қаңтар № 155-НҚ
Көкшетау қаласы

город Кокшетау

**Қорғалжын ауданы әкімдігі жанындағы «Өрлеу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 10), 12) тармақшаларына, 20 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 303 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіле отырып, Қорғалжын ауданы әкімдігі жанындағы «Өрлеу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтер;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтік сметасы бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 1 тармағы қолданысқа енгізіле отырып «2025 жылғы 1 маусымнан 2026 жылғы 31 мамырға дейін Қорғалжын ауданы әкімдігі жанындағы «Өрлеу» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тариф пен тарифтік сметаны оңайлатылған тәртіппен бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 23 мамырдағы № 48-НҚ бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі (А.Айдарханова) осы бұйрықты Қорғалжын ауданы әкімдігі жанындағы

000371

«Өрлеу» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының назарына жеткізсін және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырсын.

4. Қорғалжын ауданы әкімдігі жанындағы «Өрлеу» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабының 6 тармағын орындау үшін тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті басшысының орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бұйрық, 2026 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін бұйрықтың 1-тармағын қоспағанда, оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

7. Осы бұйрыққа Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91 және 92-баптарында көзделген тәртіппен, әкімшілік рәсімге қатысушыға осы бұйрықтың қабылданғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей шағым жасауға болады.

**Басшы** **А. Қуандықұлы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 16 қазандағы № 155- НҚ бұйрығына 1-қосымша

Субъектінің атауы: **«Өрлеу» ШЖҚ МКК**

**Тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттелін көрсетілетін қызметке сараланған тарифтер**

*ҚҚС жоқ*

| № р/с | Тұтынушылар топтары | Өлшем бірлігі | Уәкілетті орган бекіткен |
|---|---|---|---|
| 1 | Халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына суды тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар – бірінші топ | теңге/м3 | 577,66 |
| 2 | Мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдарды және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның еснімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларды қоспағанда, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық инвестициялық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі олармен үлестес заңды тұлғалар, ұлттық инвестициялық холдинг, ұлттық компаниялар мен ұйымдар – үшінші топ | теңге/м3 | 758,35 |
| | **Орташа босату тарифі** | **теңге/м3** | **579,66** |

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 16 қазандағы № 155- НҚ бұйрығына 2-қосымша

Субъектінің атауы: **«Өрлеу» ШЖҚ МКК**

**Тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтік смета**

| № р/с | Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы | Өлшем бірлігі | Уәкілетті орган бекіткен |
|---|---|---|---|
| **I** | **Тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар барлығы, оның ішінде:** | **мың теңге** | **10 706,03** |
| **1** | **Материалдық шығындар барлығы, соның ішінде:** | **мың теңге** | **3 022,57** |
| 1.1 | Шикізат және материалдар | мың теңге | 0,00 |
| 1.2 | Жанар-жағармай материалдары | мың теңге | 37,04 |
| | АИ-92 бензині | мың теңге | 37,04 |
| | *көлемі* | *литр* | *202,40* |
| | *бағасы* | *теңге/л* | *183,00* |
| 1.3 | Электр энергиясы | мың теңге | 985,26 |
| | *көлемі* | *теңге/кВтч* | *40,56* |
| | *бағасы* | *мың кВтс* | *24,29* |
| 1.4 | Сатып алынған су | мың теңге | 2 000,27 |
| | *көлемі* | *м³* | *6 850,00* |
| | *бағасы* | *теңге/м³* | *292,01* |
| **2** | **Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар барлығы, оның ішінде:** | **мың теңге** | **7 058,46** |
| 2.1 | Өндірістік қызметкерлердің жалақысы | мың теңге | 6 070,22 |
| 2.2 | Әлеуметтік салық | мың теңге | 320,51 |
| 2.3 | Әлеуметтік аударымдар | мың теңге | 273,16 |
| 2.4 | МӘМС | мың теңге | 182,11 |
| 2.5 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары | мың теңге | 212,46 |
| **3** | **Амортизация** | **мың теңге** | **625,00** |
| **II** | **Барлық кезеңнің шығыстары:** | **мың теңге** | **705,85** |
| **4** | **Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы** | **мың теңге** | **705,85** |
| 4.1 | Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы | мың теңге | 607,02 |
| 4.2 | Әлеуметтік салық | мың теңге | 32,05 |
| 4.3 | Әлеуметтік аударымдар | мың теңге | 27,32 |
| 4.4 | МӘМС | мың теңге | 18,21 |
| 4.5 | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары | мың теңге | 21,25 |
| **III** | **Қызмет көрсетуге арналған барлық шығындар** | **мың теңге** | **11 411,87** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| IV | Табыс | мың теңге | 0,00 |
| **VI** | **Барлық кірістер** | **мың теңге** | **11 411,87** |
| **VII** | **Сатып алынған судың көлемі** | **мың м³** | **20,68** |
| VIII | Нормативтік шығындар | % | 4,78 |
| | | мың м³ | 0,99 |
| **IX** | **Іске асыру көлемі** | **мың м³** | **19,69** |
| **X** | **Тариф** *(қосылған құн салығы жоқ)* | **теңге/м³** | **579,66** |
| | **Анықтама:** | | |
| | **Қызметкерлердің орташа тізімдік саны** | **адам** | **3,04** |
| | Өндірістік қызметкерлер | адам | 2,77 |
| | Әкімшілік қызметкерлер | адам | 0,28 |
| | **Орташа айлық жалақы** | **теңге** | **182 750,00** |
| | Өндірістік қызметкерлер | теңге | 182 750,00 |
| | Әкімшілік қызметкерлер | теңге | 182 750,00 |